

# Төрехан Майбас 70 жаста

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ҚР құрметті журналисі, облыстың Құрметті азаматы, ақын және жазушы, өлкелік жазушы Төрехан Майбасты 70 жылдығымен құттықтады.

- Біз сізді мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Сіздің журналистика мен әдебиеттің дамуына қосқан үлесіңіз баға жетпес. Сіз 20-дан астам кітаптың авторысыз, талай жас журналистерді тәрбиеледіңіз. Сіздің барлық наградаларыңыз лайықты, - деді Ермағанбет Бөлекпаев. - Сізге зор денсаулық, сарқылмас қуат пен амандық тілеймін.

Төрехан Майбас Байсейіт би, батырлар Сенкібай, Ағыбай, Жалаңтөстің өмірбаяны мен тарихи фактілерді зерттеумен айналысты. 50-ге жуық ғылыми-көпшілік, этнографиялық және тарихи еңбектердің авторы.

Төрехан Майбас қазір зейнеткерлік демалыста, бірақ өз оқырмандарын автор-



лық жинақтармен қуантуды жалғастыруда.

- Мен өз өмірімді журналистикаға арнағанымна қуаныштымын, үнемі өз материалдарымда өткір әлеуметтік мәселелерді көтердім. Еліміздің әрбір азаматы мемлекет пен халықтың игілігі үшін қызмет етуі тиіс деп санаймын. Өз Отанын, отандастарын шын жүректен сүйе - бұл өз жұмысын сапалы орындау, жаныңды салып еңбек ету, - деп атап өтті мерейтой иесі. - Маған көңіл бөлгендеріңіз үшін және құттықтауларыңыз үшін рақмет!

Төрехан Майбас 1980 жылы ҚарМУ филология факультетін бітірген. «Ақдыр таңы - Ағадырская новь» газетінің редакторы болып жұмыс істеді, көп жылдар бойы «Орталық Қазақстан» газетінде еңбек етті. «КазИнформация» баспасының директоры және Қарағанды облысындағы «Жас Қазақ» республикалық апталығының корреспонденті болды. ҚР Мәдениет Министрлігінің «Мәдениет қайраткері» сыйлығының лауреаты.